

бастайды, олардың жалпы физикалық деңгейі көтеріледі, түзету мен жинақ жақсарайды, әскери мамандық таңдауға қызығушылық пайда болады.

Азаматтығы жоғары дәрежеге ие тұлғаны қалыптастыру бойынша тәрбие жұмысын жетілдіру бүгінгі күннің талабы ғана емес, сонымен қатар ұзақ мерзімді бағдарлама болып табылады. Уақыт әлеуметтік-саяси дамудың жаңа жағдайларында дербестігі бар, нарықтық қатынастар жағдайында өмір сүріп қана қоймай, жұмыс істей алатын, сонымен қатар демократиялық қоғамның саяси процестеріне қатыса алатын, халықаралық, тиісті патриоттық қасиеттерге ие әлеуетті мемлекет жағдайында жоғары рухани-адамгершілік көзқарастары бар азаматтың қалыптасуын талап етеді [6, 89].

Қазіргі әлем алуан түрлі және біздің жас, егемен мемлекетіміз бейбітшілік пен тату көршілікке өз стратегиясын құруда. Алайда, әртүрлі әскери қауіптер әлі жойылған жоқ. Бұл тоқтамайтын жергілікті соғыстар, халықаралық терроризмнің күшеюі және экстремистік топтар мен бірлестіктердің әрекеті.

Мұндай әскери қауіптердің болуы бізді әскери доктринаны жетілдіруге, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше назар аударуға мәжбүр етеді.

Қорытындылай келе, қазақстандық патриотизм - көп өлшемді құбылыс. Біз үшін Отан туған үйден, отбасынан, көпұлтты еліміздің бірлігінен, оның тұтастығынан, егемендігінен, қауіпсіздігінен басталады.

Оқушылардың патриоттық тәрбиесі өз Отанын сөзбен емес, іс жүзінде сүйетін нағыз патриоттардың ұрпағын өсіре алатын біріктіруші күшке айналуы керек. Патриотизм халықтың рухани сауығуына жаңа серпін беруге арналған, елімізді тұғырға көтеретін ұрпақ ұлттық байлықты арттырып, өмір сүру деңгейін жақсарта алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Даль В. И. Толковый словарь живого великорусского языка. — М.: Русский язык, Том 1–4, 1989 – 1990. – 452с.
2. Ожегов С.И. Словарь русского языка. URL: <http://www.ozhegov.org/> (Дата обращения: 02.11.2017). – 236с.
3. Ауэзов М. Абай Кунанбаев: Монографические исследования и статьи. /Сост. Акбаев Н. — Алматы: Санат, 1995. - 320с.
4. Арманова Ж.А., Маженова Р.Б., Шарзадин А.М., Манашова Г.Н., Джабаева Г.Н. ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПАТРИОТИЗМА У МОЛОДЕЖИ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА // Успехи современного естествознания. – 2015. – № 1-6. – 463с.
5. Козыбаев М. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. В 2-х книгах. Кн. 1. — Алматы: Ғылым, 2000. - 420с.
6. Назарбаев: Патриотизм является нерушимой опорой Мәңгілік Ел. URL: <http://muftayat.kz/ru/news/11876> (Дата обращения: 02.11.2017).

Есиркепов Ж.М., қауымдастырылған профессор

Ахметов Б.Р., аға оқытушы

Құрманбаев Б.І., аға оқытушы

Халықаралық туризм және меймандостық университетінің, Түркістан қ.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНЫҢ ЕРЕН ЕРЛІКТЕРІН НАСИХАТТАУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Аннотация: Бұл мақалада Ұлы Отан соғысындағы қазақ қыздарының ерен ерліктерін насихаттау арқылы студент жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, Алпамыс батырдан бастап, осы кезеңге дейінгі батырлардың ерліктері баяндалады.

Кілт сөздер: Батыр, соғыс, намыс, ерлік, Отан, жауынгер.

Yessirkepov Zh.M., associate professor
Akhmetov B.R., senior lecturer
Kurmanbayev B.I., senior lecturer
International University of Tourism and Hospitality, Turkestan

PATRIOTIC EDUCATION OF STUDENTS THROUGH THE PROMOTION OF HEROIC DEEDS OF KAZAKH GIRLS IN THE GREAT PATRIOTIC WAR

Annotation. This article discusses the ways of patriotic education of student youth through the promotion of the heroic exploits of Kazakh girls in the Great Patriotic War. In addition, the heroic deeds of the heroes, starting with the Alpamys batyr and ending with this period, will be told.

Keywords. Hero, courage, war, honor, Homeland, warrior.

Кіріспе. Ел үшін жанын қиып, ел мүддесін өз өмірінен бәрік қойған, ұлттың тұтастығы мен жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары қазақ тарихының әр кезеңінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Яғни, олар ұлтқа тұтқа, елге еге болатын тұлға болған. Осы еліміздің тәуелсіздігі мен тыныштығы жолында қан төгіп, өмірін қиған, ұлттық тұлға атанып, аты аңызға айналған, тарихта есімдері алтын әріппен жазылған батырларымыз өте көп.

Қазақ елі сонау 1465 жылы Керей мен Жәнібек хандар негізін қалаған қазақ хандығынан бері 1991 жылы өз алдына тәуелсіз ел болғанға дейінгі аралықта небір зұлмат жылдарды, бір тұтам жер үшін болған соғыстарды бастан кешірді. Сондай қиын кезеңдерде елімізден небір жаужүрек батырлар түлеп шықты. Еліміз сол дарабоз батырларымыздың арқасында аман қалып, бүгінгі дамыған, өркениетті қоғамға жетіп отыр.

Керей мен Жәнібектен бастау алған батырлық үрдісі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Қазақ жерінің бір сүйемі де осы батыр бабаларымыздың арқасында жаудың қолында кетпеді. Ел аузындағы жыраулардың жыр-дастандары арқылы бүгінгі күнге дейін жеткен «Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Ер Қосай», «Ер Көкше», «Ер Сайын», «Ер Тарғын», «Күлтегін», «Қырымның қырық батырынан» бастап өткен ғасырда өмір сүрген жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр», Қалихан Бекхожиннің «Науан батыр» дастандары батырлардың ерлік істерінен сыр шертеді. Осы асыл мұраларды, эпостық жырларды дүниеге келтіріп, халықтың нанымындағы батырдың тұлғасын бейнелеп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, мән-мазмұнын сақтап, аңыз-әңгіме қылып жеткізуі жаужүрек бабаларындай батыр тұлғалы етіп тәрбиелеуге негізделген болса керек.

Қазақ халқы қалыптасу, даму кезеңінен бастап 300-ге жуық соғысқа қатынасып, аттың үстінде, түйенің қонында жүріп, жаугершілік заманды бастан кешіріп, Алтай мен Атырау арасындағы кең байтақ жерімізді, ата-мекенімізді ұлы жорықтарда батыр бабаларымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап, бізге аманаттап қалдырғаны тарихтан белгілі. Қазақ тарихында аттары аңызға айналған батырлардың ішінде, Абылай ханның бас қолбасшылары саналған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сынды дарабоздармен қатар: Қарасай мен Ағынтай, Саңырық пен Тайлақ, Өтеген мен Сұраншы, Сеңкібай мен Шойбек, Малайсары мен Райымбек, Бөлек пен Сатай, Жәнібек пен Тілеуке, Қылышбек пен Естенбек, Есенқұл мен Сыпатайлар шоқтығы биік батырлар болып саналады. Осы батырлардың жалғасы ұлт азаттығы үшін күрескен Исатай Махамбет, Сырым, Амангелді сынды батырлардың есімдері айрықша жарқырап көрінеді. Осы аттары аталған қас батырлардың ел тағдырындағы тарихи орны мен олар жасаған ерлік жорықтарының мәні мен маңызы да бірнеше ғасырлар бойында ел жадынан бір сәтке де ұмыт қалған емес.

Біздің ғылыми жобамызда осы қазақтың ел қорғау ісінде жасындай жарқыраған айтулы батырларымызбен қатар, ҰОС-да әйелдердің де ел мен жерді жаудан азат ету жолында ерен ерлік көрсеткендері БАҚ беттерінде, даталы күндерге байланысты жарияланып, кейіннен ескерілмей кететін жағдайлар кездеседі. Осы бағытта ел ішінде ескерілмей жүрген нәзік жанды батыр апаларымыздың ерен еңбектерін арнайы зерттеп, өскелең ұрпаққа насихаттап,

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында аяулы есімдерді жаңғыртып, ұрпақтар алдында ұлықтау жұмыстарын жүргізуді қолға алу болып саналады.

Зерттеудің мақсат-міндеті:

1) ҰОС қатысқан қазақ қыздарының ерлік істерін ғылыми тұрғыдан зерделеп, жас ұрпаққа насихаттау;

2) ҰОС қатысқан қазақ қыздарын анықтап, ерліктеріне талдау жасау.

3) ҰОС еленбей қалған қазақ қыздарының ерліктерін жаңғырту бағытында ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу әдістері: Сауалнама жүргізу. Тарихи, әскери бағыттағы оқулықтарға ғылыми және мерзімді басылымдардағы ғылыми еңбектерге талдау жасау.

Зерттеудің ұйымдастырылуы. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 06.05.2020 ж. Қазақстан халқын ҰОС-ғы жеңістің 75 жылдығымен құттықтау сөзінде «Біз ержүрек аға буынның алдында мәңгі қарыздармыз. Олардың қайсарлығы мен төзімділігінің, табандылығы мен патриоттығының арқасында бейбіт заманда өмір сүріп, жарқын болашағымызға жол аштық», - деп ата-аналарымыздың сұрапыл соғыста көрсеткен ерен ерліктерін ұмытпай, майдангерлердің есімдерін елеусіз қалдыруға құқымыз жоқ екенін атап өтті [1].

Қазақстанның әрбір бесінші тұрғыны майданға аттанып, соғыс даласынан 1.200.000 мың азаматтың жартысы елге оралған жоқ [2]. Олар қиын-қыстау кезеңде батырлық пен жанқиярлықтың, ерен ерлік пен бекем бірліктің жарқын үлгісін көрсетіп, өскелең ұрпақтың бақытты әрі берекелі ғұмыры үшін жанын пида етті. Біз майдан даласындағы жауынгерлік ерлік пен тылдағы қажырлы еңбекке әрдайым тағзым етеміз.

Жаужүрек ата-бабаларымыз Балтық елдерін, Брест камалын, Мәскеу мен Ленинградты, Киев пен Севастопольді қорғауда өлімге бас тігіп, Сталинград, Курск шайқастарында жау басып алған басқа да қалалар мен елді-мекендерді азат етуде жанқиярлықпен соғысты. 500-ге жуық қазақстандық КСРО батыры атағына ие болды [3].

Отан үшін отқа түсіп, сұм соғыстың құрбаны болған, ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, халқымыздың ерлік рухын асқақтатқан, бірақ ерліктері тиісті дәрежеде еленбей қалған батырларымыз қаншама. Біз республика деңгейінде өткізілетін іс-шараларда елім деп жанын қиған боздақтардың есімін ескере бермейміз. Соғыс кезінде көрсеткен ерен ерліктері үшін сол кездегі орыс саясатының кесірінен Б.Момышұлы, Р.Қошқарбаев, Қ.Қайсенов, Х.Доспанова сынды т.б. тұлғаларымызға батыр атағы берілмеді [4].

Өскелең ұрпақ Н.Әбдіров, С.Баймағанбетов, С.Луғанский, М.Ғабдуллин, Т.Тоқтаров, Ә.Молдағұлова, М.Мәметова, В.Момышұлы сынды т.б. батырлардың есімдерін жақсы біледі. Олардың жасаған ерліктері оқулықтарда, ақын-жазушылар мерзімді БАҚ беттерінде батырлардың тұлғалық қасиеттері мен ерліктеріне өлең-жырлар арнап, жан-жақты насихатталып келеді. Бірақ осы кісілер секілді ерлік көрсеткен, соғыста құрбан болған батырлардың есімдері ұмыт болып барады.

ҰОС қатысқан М.Мәметова, Ә.Молдағұлова, Х.Доспанова сынды батырлардың ерліктері терең зерттеліп, тарихтан өз орындарын алды. Олар туралы кітаптар жазылды, кинолар түсіріліп, тұғырлы ескерткіштер орнатылды, көшелер мен мектептерге есімдері беріліп, жас ұрпаққа жан-жақты насихатталып келеді. Ал, сұрапыл соғыста от пен оқтың астында жан беріп, жан алысқан қазақ қыздарының ерен ерліктері туралы әлі толық зерттелген жоқ. Бұл ғылыми жобамызда жоғарыда аталған батыр апаларымыз секілді ҰОС фашизмді талқандауда ерен ерлік көрсетіп, батыр атағына ұсынылып, ерліктері ескерусіз қалған апаларымыздың ерлік істерін жас ұрпаққа насихаттау, олардың бойында Отансүйгіштік қасиетті дарыту болып табылады.

Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан қазақ қыздарының (танкіші, барлаушы, радио-байланысшы, паровоз машинисті, ұшқыш, пулеметші, партизан, атқыш, дәрігер, санитаршы, ұшақ жөндеуші, бортмеханикші, десантшы, әріп теруші және т.б. қызмет атқарға) жанкешті ерліктерін тыңғылықты зерттеп, ғылыми тұрғыдан негіздеме беру батыр апаларымыздың рухының алдында азаматтық парызымыздың орындалғаны болар еді.

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына биыл 77 жыл толып отыр. Осы сұрапыл соғысқа Қазақстаннан жүрек жұтқан ерлер ғана емес, тарихшы-ғалымдарымыздың мәліметтері бойынша 1571 әйел азаматтар да қатысты [5]. Олардың ішінде Халида Маманова, Нұрғаным Байсейітова, Баян Байғожина, Алтыншаш Нұрғазина, Ақлима Ақжолова, Мүслима Дайрабаевалардың ерліктерін ерекше атап өтуге болады.

Маманова Халида айыптылар батальонында (штрафбат) соғысқан жалғыз қазақ әйелі. Ол соғыс басталғанда майданға өзі сұранады. Бірақ Оған халық жауының ұрпағы деген айып тағылып соғыстағы ең ауыр жұмыстарға жіберілген. Оның қолына қару емес, халық жауының қызы ретінде күрек беріледі. Оған жертаса (окоп) қазып, қаза тапқан жауынгерлерді жерлеуге ғана рұқсат берілген. Алайда, ол өзінің алғыр да намысшыл қасиетімен Бас қолбасшы И.В.Сталинге хат жазып, өзін штрафбатқа жіберуін сұранады. Сталинге жазған хатында «Егер мен тірі қалсам, маған және менің туыстарыма тағылған барлық айыпты алып тастаңыз», - деген жолдар бар. Бұл Халиданың ержүрек, айтқанынан қайтпайтын, намысшыл қай кезде де әділдікті талап ететін қайсарлығын көреміз. Ол кезде қаршадай қыздың «Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ», - деген қағиданы басшылыққа алып, әділдік іздеп, қаһарлы Сталинге хат жазуы өлімге бас тігумен бірдей болатын. Ол өлімнен қорықпай, Сталинге хат жазуы арқасында авиабатальонға ауыстырылып, сондағы амбулаторияның басшылығына тағайындалады. Осы батальонның құрамында жүріп, Сталинград түбінде өткен сұрапыл соғыстың басынан аяғына дейін қатысады. Сонымен қатар, Украина, Беларусь майданына қатысып, Балтық жағалауын, Польша, Чехословакия, Австрияны азат етуде ерен ерлік көрсетеді. Осы ерліктеріне сай лейтенант шенін алып, «Қызыл Жұлдыз» ордені мен бірнеше медальдармен марапатталады.

Байсейітова Нұрғаным 1942 жылы бір топ қазақ қыздарымен бірге Мәскеудегі радиобайланысшылар дайындайтын курсқа жіберіліп, сонда білім алады. Курс барысында олар әскери өмірдің қатаң ережелерімен танысып, жоғары деңгейде есте сақтау қабілетін талап ететін «Морзе» құрылғысымен жұмыс жасауды меңгеріп шығады. Өз құрбылары арасында ерекше қабілетімен танылған Нұрғаным жау тылындағы радиобайланысшыларды даярлайтын арнайы мектепке жіберіледі. Ол мектепте бір жылдай білімін жетілдірген қазақ қызына Беларусь жерін азат ету үшін құрылған «Концерт» операциясында орталықпен байланысты қамтамасыз ету міндеті жүктеледі. Ол бұл міндетті мүлтіксіз орындап, жау тылынан маңызды ақпараттарды жеткізін отырады. Нұрғаным радиобайланысшы ретінде көптеген жағдаяттарға кездесіп, жаумен талай бетпе-бет келін, өзінің алғырлығымен, өз мінезімен, өжеттігімен, қиын сәтте тез шешім қабылдай білетін тапқырлығымен барлық ситуациялардан сәтті шығып отырған. Ол партизандар құрамында оқ пен оттың астында жүріп, қыстың қақаған аязында қару асынып, елін жаудан қорғау ісінде ерен ерліктер көрсеткен аяулы апаларымыздың бірі. Нұрғаным Байсейітова «Қызыл Жұлдыз» ордені мен «Отан соғысының партизаны» медалімен марапатталған.

Байғожина Баян өз еркімен майданға сұранып, кілең қыздардан құрылған көпірді күзету бөлімшесінде қырағылық пен жанкештілік қасиетімен көзге түскен. Жаудың көпірді юасып алу үшін жасаған жойқын шабуылына тегеурінді тойтарыс беріп, бір өзі 9 фашисттің көзін жояды. Осы ерлігінен кейін ол «Қызыл Жұлдыз», «Даңқ» ордендерімен марапатталады. Баян Беларусь, Литва, Польша елдерін жаудан азат етуге қатысады. Гинденбург қаласында болған сұрапыл шайқаста мина жарықшағы бетіне тиіп, қан жуған жарақатына қарамай, кейін шегінбей, 15 немісті атып өлтіреді. Жаужүрек қазақ қызының ерен ерлігі майдан даласында аңызға айналып, үлкен құрметке ие болады. Ер азаматтар сүйсініп, аты көпке танылады. Алайда, Ұлы Жеңіске санаулы күндер қалғанда майдан даласында ерлікпен қаза табады. Баянның денесі Гинденбург іргесіндегі зиратқа жерленеді. Баян Байғожинаның есімін мәңгілік ардақтау мақсатында туған жері Шығыс Қазақстан өңіріндегі өзі оқыған мектепке есімі беріліп, аудан, қала орталықтарында көше атаулары мен мұражай ашылса, білім ордаларында тәрбиелік іс-шаралар өткізілсе, ерліктері насихатталса, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеп, елін-жерін сүйетін намысшыл да қайсар тұлға қылып өсіруімізге үкен мүмкіндік туар еді.

Баян Байғожинамен бірге соғыс жылдары фашизмді талқандауға өз үлесін қосқан қазақ қыздары өте көп. Солардың бірі Алтыншаш Нұрғазина. Ол батальон комсорғы, жаяу әскер құрамында болған. 19 жасында Польшаны азат ету шайқасында ерлікпен қаза тапқан. Алтыншаш пен Баян апамыз «Кеңес Одағының батыры» атағына ұсынылғанымен белгісіз себеппен И.В.Сталин бергізбей қойған. Бұл қазақ қыздарының ерлік істеріне көреалмаушылықтан жасалған қиянат деп ойлаймыз. Сонымен қатар, соғыста барлаушы болған «Даңқ» орденінің үш мәрте иегері Мүслима Дайрабаеваны, «Зенит» командирі Алима Ақжолованың ерліктерін айрықша атап өтуге болады.

Қорытынды. Бұл апаларымыздан басқа аты аталмай, ерліктері ескерілмей қалған қаншама қазақ қыздары бар. Олардың ерлігіне өскелең ұрпақты сусындатып өсіруіміз керек. Жас ұрпақты патриоттық, интернационалдық және адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуге, балалар мен немерелерінің бақытты болашағы үшін өмірін аямаған адамдар есімін мәңгі еске сақтауға қатысу тікелей борышымыз деп есептейміз.

Ұрыс даласында ерлікпен қаза тапқан және соғыстан кейінгі кезеңде өмірден өткен жауынгерлер есімін мәңгілік ету ісіндегі негізгі бағыт ескерткіштер, саябақтар және гүлбақтар жасау, оларға Соғыс батырларының атын беру, олардың құрметіне ауыл мен қалалардың көшелерін солардың есімімен атау, батырлардың ерліктеріне тағзым жасау, өнеге ету, насихаттау біздің басты азаматтық парызымыз болып саналады. Біз бұл жұмысымызда соғысқа қатысып, ерлік көрсеткен санаулы қазақ қыздарының ерліктерін зерделеп, ұсынып отырмыз. Алдағы еңбектерімізде батыр апаларымыздың ерлік істерін терең зерттеп, жан-жақты саралап, жас ұрпақты Отанын шынайы сүйетін тұлға етіп қалыптастыру бағытында жұмыстар атқаруды жоспарлап отырмыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тоқаев Қ.К. Қазақстан халқын ҰОС-ғы жеңістің 75 жылдығымен құттықтау сөзі. Егемен Қазақстан. 06.05.2020 ж.
2. Бырбаева Г.Б. Женщины Казахстана в годы Великой Отечественной войны: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. - Алматы, 1996. - 90 с.
3. Мурманцева В.С. Советские женщины в Великой Отечественной войне. - М.: Знание, 1987. - С. - 27.
4. Жылқышев Қ. Фашизмді жеңудің дүниежүзілік тарихи маңызы // «Қазақстан тарихы» әдіст. журн. 2002. - №6. - 3-б.
5. Жакупова М.А. Тыловые эвакуогоспитали Казахстана и Республик Средней Азии (САРО) в годы Великой Отечественной войны (1941-1945). - Астана: Елорда, 2005. - С. - 58.

Есиркепов Ж.М., қауымдастырылған профессор

Омаров Б.С., қауымдастырылған профессор

Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ.

Көпжасар Б.Ж., аға оқытушы

Мұстафаев С.Ш., аға оқытушы

Қорқыт Ата Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация: Бұл мақалада ұлттық ойындар арқылы ұлттық құндылықтарды, ұлттық тәрбиені қалыптастыру жолдары қарастырылады. Ұлттық ойындар арқылы оқушылардың дене қасиеттерін (күш, ептілік, жылдамдық, икемділік, төзімділік) дамыту әдістері баяндалады. Қазақ ғалымдарының ұлттық ойындар арқылы ұлттық тәрбиені бала бойына дарытуға арналған ой-пікірлері талданады.

Ключевые слова: Ұлттық ойын, ұлттық тәрбие, дене қасиеттері, ұлттық спорт, мінез-құлық.